

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 маусымдағы № А-244 қаулысы. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 шілдеде № 1-4-212 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № А-21 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 19.01.2015 № А-21 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуіріндегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуіріндегі № 394 қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әр тоқсан сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау міндеті Аршалы ауданының әкімінің орынбасары Б.Т.Ақшинеевке жүктеледі.
3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

Мұханбеджанов Т.